<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p><b>№3 «Саусақтар амандасады.»</b>          массаж жасаймыз – «қолды жуамыз».          - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.          «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,          - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.          - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.          - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.          - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.</p>	<p><b>№4. Бір – көтер кәне қолыңды</b>          Екі – төмен ұста қолыңды          Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды          Бес дегенде секір көрсет бойыңды.          Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.</p>	<p><b>№5. "Құстар оянды" -</b>          қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».          2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.          3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау</p>	<p><b>№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу,</b>          жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.          - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.          - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау</p>	<p><b>№7. «Күннің оянуы»</b>          - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.          - Биік, биік, биікке          - қолдарын жоғары қарай көтереді.          - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.          басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.          «Күлімдейді күн» керемет, керемет          - алақан соғады.</p>
---	---	---	---	---	--

**Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан**

<p>Бесін ас</p>	<p><b>Үнемді тұтыну- «Суды, тамақты, энергияны, үнемді тұтыну»</b>          Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</p>
-----------------	---

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар</p>	<p><b>Ой қозғау.</b>          - Балалар тақтада не көріп тұрсыңдар?          - Бұл жай пойыз емес, «Көңілді пойыз»  <b>Дид ойын: «Көңілді пойыз»</b>  <b>Шарты:</b> Әр аңда</p>	<p><b>Дид ойын: «Қандай пішіндер?»</b>          Шарты: Суреттегі пішіндерді атау.          Қандай пішіндерді көріп тұрсыңдар.</p>	<p><b>Дид ойын: «Сиқырлы пішіндер»</b>          1-Топ шаршы          2-топ үшбұрыш          3-топ дөңгелек.          Әр топқа Дьенеш блоктармен геометриялық</p>	<p><b>Логикалық ойын есеп: Дид ойын: «Ойлан тап!»</b>          1. Дүкеншіде 5 жұмыртқа болды, біреуін жарып алды. Дүкеншіде неше жұмыртқа қалды?</p>	<p><b>Миға шабуыл Жұмбақ шешу.</b>          1. Қыста ғана болады,          Ұстасаң қолың тонады. (қар)          2. Тісі жоқ, тістеп алады.</p>
---	---	---	--	--	--

<p>қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>сандар жазылған, сол сандарға қарап вагондарына орырғызу. Паровозға бекітілген вагондар саны 5. 1 - ден 5 - ге дейінгі алған білімдерін бекіту. Пойызға жолаушылар мінеді. Бірақ біздің бүгінгі жолаушыларымыз аңдар.</p> <p>Әр балала тақтаға шығып аңдарды вагонға отрғызады. 1 - вагон 1 піл 2 - вагон 2 аю 3 - вагон 3 қоян 4 - вагон 4 панда 5 - вагон 5 арыстан Тапсырманы дұрыс орындаған балаларды мадақтау.</p>	 <p><b>3- тапсырма</b> <b>Дид ойын: «Аңдар қайда жасырынған»</b> <b>Шарты:</b> Жасырынған аңдарды атау.</p>  <p><b>4-тапсырма.</b> <b>Дид ойын: «Өз орныңды тап».</b> <b>Шарты:</b> Балаларға 0-ден 5-ке дейінгі цифрларды таратып беру. «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтағанда балалар тез бір қатарға тұра қалады. Содан кейін бірнеше балалардан аталған сандардың көрші сандарын атауды</p>	<p>пішіндер көрсетіп, шашылып тұрған геометриялық пішіндердің арасынан, өздеріне берілген пішінің тауып обручка салуды тапсыру.</p> <p><b>1 топ</b> обручка шаршыларды <b>2 топ</b> обручка үш бұрыштарды <b>3 топ</b> обручка дөңгелектерді салады.</p> <p><b>Ой дамыту. Өлең оқу.</b> Аппақ қыстың бояуы Аппақ қыстың бораны Ақ көрпеге орайды Ақ қар байтақ даланы. — Осы өлеңде не туралы айтылған? — Қыс мезгілінде неше ай бар? — Қыста күн қандай болады? — Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр?</p> <p><b>3. Суретпен жұмыс.</b> (қыстың күні ойнап жүрген</p>	<p>2. Ермек дүкеннен 3 балмұздақ алды, жолда 1 — ін жеді, Ермекте неше балмұздақ қалды? 3. Әйгерім дүкеннен 4 кәмпит сатып алды. Кәмпиттің 1-ін Дильназға, тағы 1-ін Мадинаға берді. Әйгерімде қанша кәмпит қалды? 4. Алма ағашта бес алма Қандай тәтті жесе алма, Біреуін оның жеп қойсаң Қалады онда неше алма. Балаларды мадақтау.</p> <p><b>Дид ойын: «Қыс көрінісі»</b> <b>Шарты:</b> Воскобович әдісін қолдана отырып, тақтада қыс бейнесін құрау. (Қысқы ағаш, қар, шырша). Ұ.О: «Орамал тастамақ» «Ұлттық</p>	<p>Қолы жоқ, сурет салады. <b>(аяз)</b> 3. Мені қардан жасапты, Ойланып көр Қолым-таяқ, Мұрным-сәбіз, Көзім-көмір. <b>(аққала)</b> 4. Қырға сүйреп шығам, Ойғы мініп түсем. <b>(шана)</b> 5. Өзі судан жаралған, Бірақ судан қорқады. <b>(мұз)</b> 6. Су да, мұз бар, Жер де, қар бар. Боран басып соғады. Бұл қай кезде болады? <b>(қыс)</b> <b>Дид ойын: «Цифрлар қайда жасырынған»</b></p> <p><b>Дид ойын: «Ойыншықтар»</b> <b>Шарты:</b> Геометриялық пішіндерден ойыншықтар</p>
---	---	--	--	---	--

		<p>сұрау  <b>Ұ.О:</b> «Күш  сынасу»«Ұлттық  ойын-ұлт  қазынасы»  («Біртұтас тәрбие»  бағдарламасы)</p> <p><b>Бағдарлама</b>  <b>Тақырыбы:</b> Алдын  ала қойылатын  белгілері-велосипед  жолы, түзу  қозғалыс, айналма  жол</p>	<p>балалардың суреті)  Балалар қыста қалай  ойнайды?</p>	<p>ойын-ұлт қазынасы»  <b>Ұ.О:</b> «Орамал  тастамақ»«Ұлттық  ойын-ұлт қазынасы»  («Біртұтас тәрбие»  бағдарламасы)</p>	<p>құрастыру.  <b>Бағдарлама</b>  <b>Тақырыбы:</b>  Ормандағы  шыршыны  қорғайық.</p>
<p>Балалармен  жеке  жұмыс</p>	<p><b>Дид</b>  <b>ойын:</b>«Құлыпты аш»  <b>Мақсаты:</b>логикалық  ой-лай алады,  геометриялық  пішіндерді түрі және  түсі бойынша  ажырата алады.  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар жыл  мезгілдерінің  атауларын  атап, оларды бір-  бірінен ажырата  біледі.</p>	<p><b>Дид ойын:</b> «Ортақ  атауына қарай  топтастыр»  <b>Мақсаты:</b> балалар  кез-келген заттың  ортақ атауы  болатынын  түсінеді  <b>Күтілетін</b>  <b>нәтиже:</b>  Суреттерді  топтастыра  отырып, ортақ  атауларын атай  алады.  <b>Мысалы</b>  (өсімдіктер,  жануарлар,</p>	<p><b>Дид ойын:</b>  «Дауысынан таны»  <b>Мақсаты:</b>  Балалардың үй  жануарлары туралы  және қалай  дыбыстайтындығы  туралы түсіндіктері  қалаыптасады.  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар  жануарлардың  дыбысын  танып, атауларын  атай біледі.</p>	<p><b>Дид ойын:</b> «Не  артық»  <b>Мақсаты:</b> Балалар  берілген  суреттердің ортақ  атауы барын  түсінеді.  <b>Күтілетін</b>  <b>нәтиже:</b>  Суреттерді атай  отырып, не артық  екенін айтады.</p>	<p><b>Сюжетті рөлді</b>  <b>ойын:</b> «Дәрігер»  <b>Мақсаты:</b>балала  рдың  Мамандықтар  туралы  түсініктері  қалыптасады.  <b>Күтілетін</b>  <b>нәтиже:</b>  Дәрігер,  емделушінің ара-  қатынасын  түсініп, ойнай  алады.</p>

		ойыншықтар)			
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	<b>Серуен № 2</b> <b>«Қарды бақылау»</b>	<b>Серуен № 8</b> <b>Адамдардың қысқы еңбегі.</b>	<b>Серуен № 6</b> <b>«Аязды бақылау»</b>	<b>Серуен №15</b> <b>Қысқы ауа-райын бақылау.</b>	<b>Серуен № 20</b> <b>Боранды бақылау.</b>
Серуеннен оралу	<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>				
Кешкі ас	<b>Үнемді тұтыну- «Суды, тамақты, энергияны, үнемді тұтыну»</b> Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау				
Балалардың дербес әрекеттері	Құрылыс және құрастыру ойындары «Конструкторлар құрастыр»	Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар	Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру	Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау	Музыка әуенімен ән айту, би билеу
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.	Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық	Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балаланы балабақшаға

<i>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>аудару керектігін ескерту.</i>	<i>жұмыстарымен таныстыру.</i>	<i>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</i>	<i>уақытында әкеулерін ескерту.</i>
<i>«Өнегелі 15 минут»-балалардың ересектермен емін еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын өалыптастыру</i>				

Тексерілді:  
Жар

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы  
Қаңтар айының IV- аптасы

Топ: «Күншуақ»тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 22.01 – 26.01.2025ж

Апта дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» ҚР әнұраны орындалады.	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру Өнегелі 15-минут				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Карточка №1</b> «Таңғажайып алақан» Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту. Жабдық: стандарт негізінде жасалған сызбалардың үлгілері (ашық алақан бейнесі); қағаз парағы, қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті	<b>Карточка №3</b> «Көңілді түстер» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды негізгі және құрама түстермен, түстерді араластыру принциптерімен таныстыру	<b>Карточка №9</b> <b>Ботқа жасаймыз</b> Мақсаты: Балаларға суретсалудың әр түрлі әдістерін көрсете отырып, ой қиалын дамыту.	<b>Карточка №11</b> Жапырақтарды суретте Материал: әр түрлі ағаш түрлерінің жапырақтарының трафареттері. Ойынның барысы: Балалар трафареттерді тексереді, жапырақтардың пішінін тексереді.	<b>Карточка №12</b> Аквариумдағы балық Мақсаты: балаларды негізгі формадан немесе қосымша бөлшектер формасынан бастап, сурет салуға жаттықтыру, объектінің құрылымын визуалды түрде талдауға үйрету.

<b>ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН, ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУ КАРТОТЕКАСЫ</b>					
Таңертенгі жаттығу	<b>Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</b> Қаңтар айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген <b>Мақсаты:</b> Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	<b>Үнемді тұтыну- «Суды, тамақты, энергияны, үнемді тұтыну»</b> Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.	Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>Денешынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Құстардай қайраттымыз» <b>Мақсаты:</b> Балаларды сапта бірінің артынан бірі арқанша бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетіне дағдыландыру; саптың басы мен шетіндегі балаларды қолдарынан ұстау арқылы шеңбер жасауға машықтандыру; оқу қызметінде бала денсаулығын	<b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің қанатты достарым» <b>Мақсаты:</b> Құстар тіршілігі туралы түсініктерін молайту. Оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын бекіту <b>Шаттық шеңбер</b> Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты.	<b>Музыка</b> <b>Педагог жетекшісінің жоспары бойынша</b> <b>Қызығушылықты ояту</b> Балалар, біздің топқа ауылдағы әжеден хат келіпті. Оның ішінде не бар екенін білгіңіз келе ме? <b>Балалар:</b> Иә. «Сәлеметсіздер ме, құрметті балалар!» <b>Қиындыққа тап</b>	<b>Денешынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жылдам және епті құстар» <b>Мақсаты.</b> Балаларды алға ұмтыла секіруге; сызықтар арасымен ( 10 см арақашықтық ) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, тізені жоғары көтеріп жүруге; аяқтың ұшымен	<b>Денешынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қамқоршылар тобы» <b>Мақсаты:</b> Балаларды допты еденге ұруға; допты жоғары лақтыруға үйрету; балаларда алға ұмтыла секіру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен; тізені жоғары көтеріп жүруге; аяқтың ұшымен жүгіру

	<p>нығайтудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, құстардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету. Балалар музыка әуенімен сапта бірінің артынан бірі жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүреді, жәй қалыпқа түсіп, тез ойналған музыка әуенімен жүгіреді, бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру қимылдары көрсетіледі, торғайдың жүрісімен жүріп келе жатып, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрады. Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алыс, лента ұстаған қолдары төменде.</p>	<p>Жарқырайды күніміз, Жайнай түсті гүліміз. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? <b>Миға шабул</b> <b>Жұмбақ жасыру.</b> Барлық жемін бітеудей асайды, Әйтсе де ұзақ жасайды. Бұл нелер? (Құстар) <b>Ой дамыту.</b> Мнемотехника құстар. Балаларға құстар жайлы әңгімелету. <b>Топқа бөлу.</b> Балалар суреттерді алып топтарға бөлінеді. <b>1-топ: Қарлығаш</b> <b>2- топ: Аққу</b> <b>3-топ : Бұлбұл</b> <b>«Миға шабуыл»</b> Әр топқа құстар туралы сұрақтар қою. <b>1-топқа Қандай құстарды білесіңдер?</b></p>	<p><b>болдым. Менің жақсы көретін тауығымды қаршыға ұрлап, жасырып қалды. Маған тауықты табуға көмектес»</b> <b>Тәрбиеші:</b> Балалар әжеге көмектесеміз бе? (Иә). Арина әже тұратын ауылға қалай жетеміз? (автобуспен, пойызбен) Мен поездға отыруды ұсынамын, ол үшін мына пішіндерден поезд құрастырып алайық. Поезд құрастыру. <b>Аудиодан поезд дыбысы.</b> Балалар, біз де келдік, бұл біздің аялдама. Бізді кім қарсы алып тұр. <b>Әже (АҚТ технологиясынан)</b> Әженің қолында конверт бар. Қызық, оның ішінде</p>	<p>жүгіру; қимылды ойын арқылы гимнастикалық орындықта қолдарымен тартылу арқылы ішімен еңбектеу дағдыларын дамыту. Балалар сапқа тұрады. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, тізені жоғары көтеріп жүреді. Аяқтың ұшымен жүгіреді. Жәй қалыпқа түсіп, тез ойналған музыка әуенімен жүгіреді, бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру қимылдары көрсетіледі, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрады. Жалпы дамыту</p>	<p>іскерліктерін жетілдіру.  Балалар сапқа тұрады. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, тізені жоғары көтеріп жүреді. Аяқтың ұшымен жүгіреді. Жәй қалыпқа түсіп, тез ойналған музыка әуенімен жүгіреді, бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру қимылдары көрсетіледі, шеңбер құрады және қайтадан сапқа тұрады. Жалпы дамыту</p>
--	--	---	--	---	--

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1-4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар жасайды; 5-6 - ленталарды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7-8 - осы жаттығуды келесі жаққа жасайды. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында.</p> <p>1 - оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2 - бастапқы калыпқа келу; 3 - 4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5-8 - лента ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>Құстардың қимылдарын қайталау.</p>	<p>Қыстап қалатын құстарды білесіңдер ма?</p> <p><b>2-топқа Құстардың қандай пайдасы бар?</b></p> <p>Жыл құстары жайлы не айта аласыңдар?</p> <p><b>3-топқа Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар? Қыста адамдар құстарға қандай көмек көрсетеді?</b></p> <p>Балаларды мадақтау.</p> <p><b>АКТ технологиясы.</b></p> <p>Слайд.Қыстап қалатын құстар: торғай, сауысқан, көгершін, қарға туралы түсінік беру.</p> <p><b>«Топтастыру стратегиясы</b></p> <p>Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын топтастыру.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Қарлығаш боп ұшайық, Торғай болып</p>	<p>не бар? Мен конвертті ашайын.</p> <p>Балалар, қараңдаршы, мұнда не сызылған?</p> <p><b>Балалар:</b> Құстарды қоректендіргіш.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Балкім, қаршыға тауықты «қоректендіргішке» тығып қойған шығар? <b>Қарайық</b> Астық науасынан балалар суреттердің бөліктерін тауып, құрастыру.</p> <p><b>Ой қозғау.</b></p> <p>Балалар, суреттерде нелер бар?</p> <p>Балалар: Әтеш пен балапан, бірақ тауық жоқ.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, науаның астында тағы бір конверт жатыр, көрейік ішінде не бар?</p> <p><b>Тапсырма:</b></p> <p>Жұмбақтарды шешіп, жауабын</p>	<p>қайтадан сапқа тұрады.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары</p> <p>1. "Зырылдауық" жаттығуы.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.</p> <p>1- қолды екі жаққа созу.</p> <p>2- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айту.</p> <p>3- екі жаққа созу.</p> <p>4- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.</p> <p>Бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру (5 рет).</p> <p>2. "Тізені шапалақтау" жаттығуы.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.</p> <p>1-2-оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт"деу.</p>	<p>жаттығулары (текшелермен)</p> <p>Бастапқы қалып: тұру, қолдар төмен түсірілген. Қолды екі жаққа созу, жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру, бастапқы қалыпқа оралу.</p> <p>Бастапқы қалып: отыру, аяқтарды бірге қою, қолдарды тізеге қою.</p> <p>Бір жаққа қарай бұрылу, текшелерді еденге ұру, денені түзу ұстап тұру. Дәл солай екінші жақпен орындалады.</p> <p>Бастапқы қалып: тұру, қолдар түсірілген. "Шеге қағып жатырмыз", - деп, жартылай отырып, текшені еденге ақырындап ұру; бастапқы</p>
--	--	---	---	---	--


<p>"Мысық пен торғайлар" қимыл ойыны. Тыныс алу жаттығуы.</p> <p><b>Қызығушылықты ояту</b> Балалар, мен бүгін балабақшаға келіп, үстел үстінен хат көрдім. Бізге кім жібергенін білмеймін? Оған қол қойылмаған. Қолтаңбаның орнына жұмбақ жасырған. Бізге хатты кім жібергенін білгілерің келе ме? Олай болса жұмбақты бірге шешейік: <b>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b> сәбіз мұрын, Қолында сыпырғыш Күннен және ыстықтан қорқады. (қар адам) <b>Хатты оқу:</b> «Сәлем менің кішкентай достарым! Қыс келіп қалды - жылдың ең суық мезгілі басталады. Аяз, боран болады. Су қоймалары қатып қалады. Жерді қар басып</p>	<p>қонайық, Сауысқан боп секіріп, Бүркіт болып самғайық. Қане қанат жазайық Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. <b>Дидактикалық ойын. «Құстар қалай дауыстайды?»</b> Қарға----- қарқылдайды Сауысқан----- шақылдайды Тоқылдақ ----- тоқылдайды Бұлбұл – сайрайды Қаз – қаңқылдайды. Торғай – шиқылдайды. Көкек – көкектейді. Сұрақтар ілмегі әдісі. Бүгін не туралы әңгімелестік? Қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Мадақтау. Жұлдызша беру.</p>	<p>табыңдар. Орақ құйрық, тарақ бас, Көп ұйқыны жаратпас. <b>(Әтеш)</b> Кеудесі қайқаңдап, Жүреді балпаңдап. <b>(Қаз)</b> Қық-қық етеді, Кезіп жүріп көшені. Жата қалса орнына, Ақ доп тастап кетеді. <b>(Тауық)</b> <b>Шығармашылық жұмыс</b> <b>Балаларды топқа бөлу</b> <b>1-топ:</b> Дайын әтеш суретін мақта таяқшасымен бояу <b>2-топ:</b> Дайын қаз суретін тіс щеткасымен бояу <b>3-топ:</b> Тауық суретін трафареттен губка арқылы бояу. <b>Тәрбиеші:</b> Жұмбақтарды</p>	<p>3-4-бастапқы қалып. (5 рет). 3. "Созыл" жаттығуы. Бастапқы қалып: өкшеде отыру, қол иықта. 1-2 рет тізеге көтерілу (тұру), қолды жоғары созу, созыла жоғары қолға қарау. 3-4-бастапқы қалыпқа келу. (4-5 рет). ) алға ұмтыла секіру; 2) сызықтар арасымен ( 10 см арақашықтық ) тепе-теңдікті сақтап жүру. "Эстафета" қимыл ойыны. Тыныс алу жаттығуы. <b>Қызығушылықты ояту.</b> Үстелде жұмыртқа үстінде тауық (ойыншық)</p>	<p>қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: қолды алдыға созып, етпетімен жату. Екі қолды екі жаққа созу, алға қарау, мұнда қолды бүкпеуге тырысу керек, бастапқы қалыпқа оралу. 1) допты еденге ұру; 2) допты жоғары лақтыру; 3) алға ұмтыла секіру. "Қолмен допты домалату" қимыл ойыны. Тыныс алу жаттығулары. "Дем алайық" ойыны.  <b>Музыка Педагог жетекшісінің жоспары бойынша</b></p>
--	---	--	---	---

	<p>қалады. Менің ең үлкен уайымым – менің қанатты достарым. Бұл олардың өміріндегі ең қиын кезең. Менің қауырсынды достарыма қыстан аман шығуға көмектесіңізші!»</p> <p>Балалар, қар адам неге көмек сұрады? Қауырсындары кімдер? <b>Балалар: Бұл құстар.</b></p> <p><b>Ой қозғау.</b> <b>АҚТ технолгиясымен жұмыс.</b> Мына құстарды анықтайық? -Құстар – ұшуға бейімделген, алдыңғы аяқтары қанатқа айналған, денесі қауырсынмен қапталған</p> <p>-Құстардың басқа жануарлардан айырмашылығы қандай? тұмсығы, қанаттары, қауырсындары бар</p> <p>-Неліктен құстың тұмсығы бар? Құсқа қанат не үшін қажет? <b>Құстарға қауырсын не үшін қажет екенін</b></p>	<p><b>Қызығушылықтары н ояту.</b> Үнтаспадан үй жануарларының дауыстарын тыңдату. АҚТ технологиясы. Балалар назарын теледидарға аудару үй жануарлары туралы слайд көрсету ( оларды сипаттайды)</p> <p><b>Ой қозғау.</b> Балалар үй жануарлары қалай дыбыстайды? Неліктен үй жануары деп атаймыз? Олардың қандай пайдасы бар? Суреттегі үй жануарларының төлдерін қалай атаймыз? <b>Дидактикалық ойын. «Дыбысынан ажырат»</b> <b>Міндеті.</b> Жануарлардың</p>	<p>таптық, енді қайда барамыз? Сәл тынығып алайық <b>Сергіту сәті.</b> <b>Музыкамен «Шөжелерім»</b> <b>Тәрбиеші:</b> Біз демалдық, тауықты іздеуді жалғастыратын кез келді, бірақ қайда барамыз? Бәлкім қаршыға оны ұясына тығып қойған шығар? Ол ұясын қайда салады? Ағашта Олар ұя іздеп табады, ұяда тауықты тығып қойған. <b>Тәрбиеші:</b> Міне, балалар, тауықты таптық. Оны әжеге қайтарайық. Әжеге тауықты алып беру. <b>Әже балаларға рақмет айтады.</b></p>	<p>отырады. <b>Шұбар тауық</b> <b>Ұлықбек</b> <b>Есдәулетов</b> Шұбар тауық мүлдем, Жолатпайды барса. Ұясында жүрген Балапаны қанша? Балапанын тауық Қызғанады жаман. Қанатымен жауып, Санатпайды маған.</p> <p><b>Ой қозғау.</b> Балалар, тауық деген не? Аң ба, құс па немесе жәндік пе? <b>Балалар:</b> құс Ал қандай құс? Үй құсы. Тағы да қандай үй құстарын білесіңдер? Балалар, айтыңдаршы, үй құстары не жегенді ұнатады? Ал, тауығымызды тамақтандырайық, ол көптен бері отырып, аш болған шығар. <b>Дид ойын:</b></p>	<p><b>Ой дамыту.</b> Үй құстары туралы әңгімелесу - Құс қорасынан нені көріп тұрсыңдар?. -Оларды бір сөзбен атаңыз. (Құстар). -Бұл қандай құстар? (Бұл үй құстары). Неліктен олар үй деп аталады? (Өйткені олар адаммен бірге тұрады, адамдар оларды баяғыда қолға үйреткен, қазір оларға қамқорлық жасайды, тамақтандырады, емдейді). - Құс қай жерде мекендейді? (Құс ауласында, құс қорасында). - Үй құстары тағы қай жерде өмір сүре алады? (Құс фабрикасында). Құс бағумен</p>
--	---	---	--	---	---

<p><i>білгілерің келе ме?</i>  <b>Олай болса зерттеу жұмысын жүргізейік</b>  <b>Тәжірибе №1</b>  Құс қауырсындарын зерттеу:  «Құстардың қауырсындары қалай орналасады»  Біз оны саусақтармен тексереміз. Не байқадың? (тығыз, қатты, үлкен)  Жеңіл ме, ауыр ма?  -Балалар бір қолдарына қауырсын, екіншісіне тас қояды.  <b>Қорытынды: Қауырсын жеңіл, тас ауыр.</b>  Тасқа, сосын қауырсынга үрле.  Не көріп тұрсыз?  Тас қозғалмайды, ал қауырсын ұшып кетті..  Неліктен? Қауырсын жеңіл.  Ал оны не жеңілдетеді?  <b>Тәжірибе №2</b>  - Мен қауырсынды ұшып кесіп аламын. Біз не көріп тұрмыз?  Біз бос орынды көреміз, бос орынға сіз</p>	<p>дыбысы естіледі балалар қай жануар екен айтып интерактивті тақтада суретін көрсетеді .  Балалардың жсауаптарын тыңдау.  <b>Дидактикалық ойын: « Адасқан төлдер»</b>  <b>Міндеті :</b> тақтаға төлдер суреті ілінеді, балалар сол төлдердің енелерін тауып қояды.  <b>Ой бөлісу сәті</b>  Балалар,біз бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде не туралы өттік?  Ал,үй жануарларын күтіп баптау қажетпа?  Үй жануарларының адамға тигізер пайдасы бар ма?  <b>Ғажайып сәт «Құстардың дауысы» аудиожазбасы</b></p>	 <p><b>Ой дамыту.</b>  Әже тауықты неге жақсы көрді, неге іздеді?  -Үй құстарының қандай пайдасы бар? (Ет пен жұмыртқа береді)  -Оларға қалай қамқорлық жасауға болады? (Оларды тамақтандырады және суарады)  Әженің тауығына дән жасап берейік  <b>Дид ойын:</b>  <b>«Тауыққа дән»</b>  <b>Шарты:</b> Сары ермексайдан дән жасау.  <b>Тақпақ</b>  Үйімізде тауық көп. Үйрек, Қаз да жетеді.  Жұмыртқа олар тауып көп, Бізді қарық етеді. Бәрін жинап аламыз,</p>	<p><b>«Дәндерді ажырат»</b>  <b>Шарты:</b> Саусақ моторикасын дамыту мақсатында қалташалардағы дәндерді ажырата білу. Тауыққа тары дәнін тауып беру.  Арпа, күріш, тары, фасоль дәндері)  <b>Тәрбиеші.</b> Балалар, қалай ойлайсыңдар, тауық неге жұмыртқаның үстінде отырады? Тауық – құс, ал барлық құстар жұмыртқадан пайда болады Бірақ кез келген жұмыртқадан емес, бұл белгілі бір шарттарды, жылуды қажет етеді. Біздің тауық жұмыртқаны инкубациялайды, оларға жылу береді, кейін ол балапан шығарады. Тауық балалары қалай</p>	<p>айналысатын адамды қалай атайды? (Құс шаруашылығы, құс қорасы)  <b>Ой қозғау.</b>  - Тауық тұқымдасының барлық мүшелерін ата.  - Суретке қарап, әтеіштің тауықтан айырмашылығы неде, олар несімен ұқсас екенін айт? (Тауық пен әтеіштің денесі қауырсынмен жабылған, қанаттары, құйрығы, екі аяғы, басы тарақ және тұмсығы бар. Бірақ әтеіштің құйрығы үлкенірек және әдемірек, ол тауықтан гөрі керемет. ; оның тарағы тауыққа қарағанда үлкенірек және жарқыраған</p>
---	---	---	---	--

<p>түсті сымды салып көріп, тексеруге болады Қауырсын бос, сондықтан жеңіл. Құстың денесі қауырсынмен тығыз жабылған. Егер қауырсындары ауыр болса, құс бұтақтарға отыра алмайды, бұтақтар сынып қалады. Бірақ құстар уақытының көп бөлігін ағаштарда ұя салу, ұйықтау, жаулардан қашумен өткізеді.</p> <p><b>Тәжірибе №3</b> Қане, үлкейткіш әйнекпен қауырсынды қарайық. Қарап отырсаңыз, қауырсынның бетін бекіту арқылы мықтап және оңай жалғанатын шығыңқы жерлер мен ілмектер бар. Бұл қауырсын дизайны құсты қолайсыз ауа-райынан қорғайды: қар мен жаңбырдан. Егер ілмек ажыратылса, онда құс</p>	 <p>Із қалдырған не? (құстар) - Қалай болжадық? (аяқ іздері мен қауырсындардан кейін) Бізбен бірге қыстаған құстарды қалай атаймыз? Ал бізден ұшып кететін құстарды қалай ататймыз? Балалар, құстар неге жылы жаққа ұшады? - Бүгін қандай құстардың ізі мен қауырсыны қалды? Неліктен? Дәнмен қоректенетін жануарларды құс деп атауға бола ма? Жоқ, көптеген жануарлар астық жейді - кеміргіштер, жылқылар т.б Аңдарды, ұшатын жәндіктерді құс деп атауға бола ма?</p>	<p>Аралап шөп, қораны. Ыдысқа әкеп саламыз, <b>Тәрбиеші:</b> Балалар, әже сендерден тағы да көмектесулеріңді сұрайды. Ол жұмыртқаны қайнатып, бір себетке, шикі жұмыртқаны екіншісіне салды, бірақ себеттерді ұмытып қалды. <b>Ой қозғау.</b> <b>Біз Тәжірибе арқылы қайнатылған және шикі жұмыртқаның қай жерде екенін анықтайық.</b> <b>Тәжірибе</b> Жұмыртқаны айналдыру керек, егер ол пңскен болса айналады, ал егер ол шикі болса, онда ол айналмайды. <b>Сөздік жұмыс:</b> <b>айналады, сарыуыз,</b></p>	<p>аталады? <b>Шөже.</b> <b>Ой дамыту</b> Балалар, тауық жұмыртқасымен жақынырақ танысып, оның таңғажайып қасиеттері туралы білгіңіз келе ме? <b>Шығармашылық бұрыш.</b> <b>Балаларды топқа бөлу.</b> <b>2- Топ:</b> Тауықпен әтешті құрастыру <b>2-топ:</b> Балапандарды туықтың қасына жапсыру <b>3-топ:</b> Тауықтарға мақта таяқшасымен жем салу <b>4-топ:</b> Ермексаздан жұмыртқа мүсіндеу. Міне біз толық жұмысты бітірдік, енді жұмысымызды ары қарай жалғастырамыз.</p>	<p>Әтештің табанында шұңқырлары бар) - Әтеш дауысы қалай не істейді? (Әтеш шақырады: “коо-ка-ре-ку.”) Ал тауық? (Қақылдап: «ко-ко-ко.») - Тауықтың адамға қандай пайдасы бар? (Тауықтар адамға жұмыртқа, етін – береді, оны адам жейді. Тауықтың мамығы мен қауырсынынан көрпе, жастық, қысқы жылы киімдер: бас киім, мамық күртеше жасалады.) <b>Тыныс алу жаттығуы «Қауырсынды ұшыру»</b> <b>Дид ойын: «Кім тапқыр»</b> Жұмбақты шешу: Айдыннан шалқыған</p>
---	--	---	--	--

	<p>оларды тұмсығымен қосады. Сіз қауырсындарын тұмсығымен тазартатын құсты көрдіңіз бе? Негізі құс қауырсындарын тұмсығымен құлыппен жабады.</p> <p>Ал біздің алдымызда қандай қауырсындар жатыр? Мамық кішкентай, үлпілдек, жіңішке, түктері бір-біріне қосылмаған, жіңішке таяқша</p> <p>Неліктен құсқа мұндай қауырсын керек? Мамық қауырсын құсты жылы ұстауға қызмет етеді. Олар денесінде, басында, қанаттарында, аяқтарында кездеседі.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Қауырсын құстардың әшекейі ғана емес. Құстардың тіршілігінде қауырсын өте маңызды рөл</p>	<p>(Қандай қанаттары бар?) (Жоқ. Құстардан басқа көбелектер, қоңыздар, масалар, жарқанаттар ұшады.) Жұмыртқа салатын жануарлар мен жәндіктерді құс деп атауға бола ма? (жоқ. Құстардан басқа барлық жәндіктер, құрттар, тасбақалар, жыландар жұмыртқа салады) Тұмсығы бар жануарларды құс деп атауға бола ма? (Жоқ, кейбір жануарлардың да тұмсығы болады, мысалы, платипус). Сонымен, құстарда басқа жануарларда жоқ не бар? Балалар біраз ойланып, өз бетінше аталған жануар түрлерінің қауырсындары жоқ</p>	<p><b>ақуыз.</b> -Балалар тәжірибе жасап, пісірілген жұмыртқаны тауып, әжесінің себетіне салады. <b>Тәрбиеші:</b> Ал, балалар, біз әжеге көмектестік пе? (Иә). Ал енді біздің балабақшаға қайтатын кез келді. Поездағы орындарыңа отырыңдар <b>Поездың аудио дыбысы.</b> <b>Балабақшаға келу.</b> <b>Нәтиже.</b> Балалар, біз балабақшаға қайтып келдік, саяхаттан қандай жаңа және қызықты нәрселерді білдіңіз? <b>Тауықтың балапаны</b> <b>Ертай Ашықбаев</b> Бұл балапан қандай мықты, Жұмыртқаны жарып шықты. Шыға салып</p>	<p>Біз тауықтың басып жатқан жұмыртқаларына қол тигізе алмаймыз, әйтпесе балапандар шықпайды. <b>Тауықтың балапаны</b> <b>Ертай Ашықбаев</b> <b>Бұл балапан қандай мықты, Жұмыртқаны жарып шықты. Шыға салып ерінбеді, Жемін өзі теріп жеді.</b> Бірақ бізде тауықтар шықпайтын басқа тауық жұмыртқалары бар, бірақ біз олармен нақты ғалымдар сияқты әртүрлі эксперименттер жасай аламыз. Ол үшін арнайы форманы киіп, зертханаға баруымыз керек.</p>	<p>Телпек көрдім қалқыған. (Үйрек) - Үйрек тұқымдасының барлық мүшелерін ата. Үйректер қалай қозғалады? Олар не істей алады? (Үйректер жүре алады, жүзе алады, сүңгиді, ұша алады.) Үйректердің ұшуына не көмектеседі. Үйректердің дене бөлігін атаңыз. (Қанат үйректерге ұшуға көмектеседі.) Ал үйректердің жүзуіне не көмектеседі? (Үйректер жүзуге көмектесу үшін табандарын пайдаланады: олардың саусақтарын байланыстыраты н арнайы жүзу</p>
--	--	--	--	--	---

<p>атқарады. Біріншіден, мамықтар мен қауырсындар жылууды сақтайды, сондықтан көптеген құстар солтүстіктің өте қатал жағдайында да қыстайды. Екіншіден, қауырсын құстарды суықтан, ылғалдан, желден сақтайды, жылууды жоғалтпайды.</p> <p>Қазір терезеге қарасақ, қандай құстарды көреміз? Қыстайтын құстарды <b>Дид ойын:</b> <b>«Қыстайтын құстармен пен қоныс аударушылар»</b> Шарты: Қыс және көктем ағаштарының орналасуы: Ойында педагог әдейі қате жібереді. Балалар қатені байқап, оны дәлелдеу керек. <b>Балаларды 2-топқа бөлу.</b> <b>1-топ: Қысқы ағаштарды құрастыру</b> <b>2-топ: Көктем</b></p>	<p>деген қорытындыға келеді. - Дұрыс. Өйткені, Құстардың екінші аты бар: қауырсындылар. Құстардан басқа ештеңеде қауырсындар жоқ. Бұл оларды басқа жануарлар мен жәндіктерден ерекшелендіреді. Қауырсындар <b>Бірақ қай қауырсын қызықты, қайсысы әртүрлі, мен оларды зертханамызда зерттеуді ұсынамын.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>№1 тәжірибе.</b> <b>Қауырсынды лақтыру.</b> Сіз не көріп тұрсыз? Қауырсынды лақтырғанда не байқадыңыз? Қауырсын баяу құлайды, ақырын айналады. Өйткені ол өте жеңіл <b>Тәжірибе №2</b></p>	<p>ерінбеді, Жемін өзі теріп жеді. Қондырып ап алақанға, Жем беремін балапанға. <b>Балаларды мадақтау.</b></p> <p><b>Ұ.О: «Ақ серек-көк серек»«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</b></p>	<p><b>Балалар алжапқыш киеді, Педагог</b> қоржынынан тауық жұмыртқаларын таратады. <b>№1 тәжірибе</b> <b>«Тауық жұмыртқасының сыртқы белгілерімен танысу»</b> Балалар, жұмыртқаға қараңдаршы. - жұмыртқаның түсі қандай? -жұмыртқаның пішіні қандай? (сопақша). -жұмыртқа қатты ма, жұмсақ па? Енді біз жұмыртқаның сыртқы белгілерін білеміз. Тәрбиеші. Балалар, сендер тауық жұмыртқасының қандай болатынын білдіңдер ме, бірақ жұмыртқаның ішіне қарағыларың</p>	<p>қабықшалары бар, соның арқасында үйректер суды табандарымен қайтарады, кішкентай ескектермен ескек есу сияқты).</p>  <p><b>Тәжірибе алаңы</b> қолыңызды жайылған саусақтарыңызбен су ыдысына салып, қолыңызды суға батырыңыз. Содан кейін дәл солай жасаңыз, бірақ саусақтарыңызды қолыңызбен басыңыз. Қандай жағдайда қол суды күштірек қайтарады? Саусақтарыңызды түйгенде қолыңызды қандай құстың табанына</p>
--	---	---	---	---

	<p><b>ағаштарын құрастыру.</b>  Сендердің үстелдеріңде құстардың суреттері бар. Біреуін алып, құстың атын есте сақтаңыз. <b>Ойланып, оның қай ағашқа ұшып, қонатынын тауып жапсыр.</b>  (балалар тапсырманы орындайды).  Жұмысты тексеру: Жапырақтары бар көктемгі ағашты көрейік.  Үстінде қандай құстар отырады? (көшіп-қон)  Қазір қоныс аударатын құстар қайда? Неге біз оларды қысқы серуенде көрмейміз?  -Олар неге кетіп қалды? Ал енді қысқы ағашта отырған. құстарды қарастырайық  Оның үстінде қандай құстар бар?  <b>Тәрбиеші:</b> Неліктен қыстайтын құстар қоныс аударатын құстар сияқты бізден жылы жаққа ұшып</p>	<p><b>Қауырсынның іші неге бос?</b>  Қауырсынның шетін кесіңіз - біз бос орынды көреміз, сіз түсті сымды салып, бос орынды тексеруіңізге болады.  Қауырсын жеңіл, таяқшасы бос, іші қуыс.  <b>Тәжірибе № 3.</b>  Қауырсындар қайда орналасады?  Қауырсынды тер, сен не сезесің? Ауа - Құс қанаттарын қаққанда, қауырсын жүндерін шешпей серпімді түрде серіппелі болады. Бұл қауырсындарды ұшу қауырсындары деп атайды.  Микроскоппен қауырсындарды қарастырайық.  - Көрдіңіз бе, микроскоптың астында біз таңғаларлық көрініс табамыз.</p>		<p>келе ме?  <b>Тәжірибе №2</b>  <b>«Шикі жұмыртқаның құрамы»</b>  Тәрбиеші. Балалар жұмыртқаны ақырын алып, жарып ыдысқа құяды.  Балалар, қараңдар, ортасында не бар? Қандай сарысы? (сары, дөңгелек).  Сарысының айналасында не бар? Қандай ақуыз? (сұйық, мөлдір).  Байқап көрейік, сарысын қасықпен тесіңіз. Не болды? жарылды, төгілді.  Сонымен, шикі жұмыртқаның сарысы жұқа пленкадағы сұйықтық болып табылады. Балалар, жұмыртқаның қабығына қараңдаршы. Ол қандай? Оны</p>	<p>ұқсаттыңыз?  - Енді үйректердің табанында неліктен қабықша бар екенін түсіндің бе?  - Тағы қандай құстардың жүзетін қабықшалары бар? (Қаздарда.)  Суда жүзе алатын құс, ол қандай құс? (Бұл суда жүзетін құс)  - Үйректер қалай қоректенеді, қандай тамақпен қоректенеді? (Үйректер неше түрлі азықпен қоректенеді: астық, шөп, құрт, ұлулар, жәндіктер; сүңгіп жүргенде олар судан әр түрлі қорек алады .Бұлар қоректі құстар.)  Тауықтар, қаздар, күрке тауықтар да қоректілер.</p>
--	--	---	--	--	--

кетпеді? (балалардың жауаптарын тыңдау)  
Қыстайтын құстар жидектермен, тұқымдармен, шиикалармен қоректенеді, тіпті қыста қорек таба алады. Сондықтан олар қыста бізбен бірге қалады!

Жарайсыңдар! Қысқы құстарды жақсы білесіңдер.

#### Ой қозғау.

Қыста құстардың өмірі туралы көбірек білу үшін мен олар туралы фильм көруді ұсынамын. Қандай құстар туралы фильм көрдіңдер? Фильмде көрген құстарды ата.



Қыста құстар қалай өмір сүреді? (таңертеңнен кешке дейін қыстайтын

Қауырсын бейнеленген суретті микроскоппен көрсету

Бәрімізге белгілі, қауырсынның ортасында шыбық бар. Осы шыбықтың әр бүйірінен көптеген ұсақ жүндер шығады.


Әртүрлі жұмсақтық пен өлшемдегі жүндерді көруге болады. Сонымен қатар микроскоппен гана көруге болатын көптеген кішкентай, кішкентай мамықтар бекітілген. Бұл таяқшалар ілмектер арқылы бір-бірімен байланысқан.

Ілмектер оңай қосылады, қауырсынның бетін бекітеді, ал егер олар ілмексіз болса, онда құс оларды тұмсығы-мен

сындырып көрейік. Тәрбиеші: Балалар, біз тауық жұмыртқасымен таныстық. Бірақ мен таңғажайып қасиеттері туралы айтып беруге беремін. Ол үшін бізге аздап демалу керек. Мен сендерге кішкентай тауықтарға айналуды ұсынамын, ал мен тауық боламын. Сергіту сәті (денешын) «Менің балапандарым» (музыкалық сүйемелдеумен)

№3 тәжірибе «Шикі немесе қайнатылған жұмыртқа» Тәрбиеші: Балалар, менің тарелгіме қараңдаршы жұмыртқа жатыр. Нешеу? (екі) Бір жұмыртқа шикі, екіншісі қайнатылған.

Дид ойын: «Тауықтарды 5-ке дейін санау» Құйрығы – желпілдек, тұмсық – ілмектей, Бұл құсты күрке тауық деп атайды. Ол өрескел, күшті, маңызды, Онымен бәрі бірдей дос бола бермейді. - Күрке тауық қалай суреттелген? Күрке тауықтың сыртқы түрін сипаттау. Күрке тауықтың басы, денесі, аяғы, құйрығы, қанаттары қандай екенін айтыңыз.



(Күрке тауықтың басы кішкентай,

құстар бір маңызды іспен айналысады). Қалай ойлайсыңдар, немен айналысады? Балалар - (Олар тамақ іздейді) Иә, қыста құстардың негізгі әрекеті қорек іздеу болып табылады. Қыста күн қысқа, тез қараңғы болады, қараңғыда тамақ табылмайды. Сондықтан құстар күнмен бірге тұрып, күні бойы тамақ іздейді.



#### **Тақпақ айту**

Жылы жаққа ұшпайтын,  
Біздің жақта қыстайтын,. Құстар жүрсе жуықта,  
Жем шашуды ұмытпа!  
-Естеріңде ме, хатта қар адам құстардың қыстан аман шығуына көмектесуімізді өтінді?  
Бұл үшін не істеуіміз

байланыстырады. Микроскоппен қауырсындарды қайта қарау, суретте көргендерін микроскоптағы суретпен салыстыру.

Бір кездері өте мұқият адамдар мұны көріп, найзағай ойлап тапты.

#### **Тәжірибе №4 Шыбын**


**қауырсынымен салыстыру.**

Тағы қандай қауырсындар бар? Мамық кішкентай, үлгілдек, жіңішке, түктері байланыспаған, таяқшасы жіңішке Қауырсынды салыстыру Мамық қауырсынды шыбын қауырсынына салып, көлемі бойынша салыстырамыз. Қайсысы артық? Содан кейін біз қолдың бойымен мамық қауырсынды

Айтыңызшы, олар қалай ұқсас? Және олар қалай ерекшеленеді? Сыртқы белгілері бойынша пісірілген жұмыртқаны ишкіден ажырату мүмкін емес екен. Қалай анықтауға болады деп ойлайсыңдар?

**Тәрбиеші.** Балалар, тыңдаңдар, есте сақтаңдар! Жұмыртқа қайнатылған кезде, ол жақсы айналады, өйткені жұмыртқаның барлық мазмұны пісірілген және қатты күйде. Жұмыртқаны қайнатпаған кезде, ол айналдырмайды, өйткені жұмыртқаның мазмұны сұйық күйде болады және жұмыртқаны босатуға мүмкіндік бермейді.

қызыл терісімен жабылған, тұмсығы иілген, үлкен қызыл сақалды, күшті ұзын аяқтары бар (табан), қауырсыннан жасалған үлкен әдемі құйрық, күрке тауық қанаттары үлкен желпуіш сияқты ашылады) Күрке тауық ұшпайтын, суда жүзбейтін, әр жерден қоректенетін құс. шөпті, жапырақтарды, көк пиязды жақсы көреді, сонымен қатар бақша зиянкестерін жейді.  
**- Қаздар тұқымдасының барлық мүшелерін ата.**  
Қаздар қандай дыбыстар шығара алады? Олар не

	<p>керек?  <b>Шығармашылық жұмыс.</b>  Құстарға жемсауыт жасап беруіміз керек.  <b>Үлгіні талдай отырып, жемсауыттың суретін салу.</b> Осындай жемсауытқа күн сайын жем салып отыруымыз керек. Қалада азық көп, сондықтан құстар бізге суықта, жылу мен тамаққа жақындайды. Адамдар құстардың аман қалуына көмектесу үшін тамақтандырады.  <b>Дид ойын: «Құсқа жем беру»</b> Қауырсынды достарымызға дәм дайындайтын кез келді. Құстарға тәттілер жасау.  Ермексаздың әр түрлі түстерінен құстарға тәттілер жасау.  Педагог құстарға арналған тәттілерді кезең-кезеңімен дайындауды көрсетеді  <b>Тәрбиеші:</b> Сонымен құстарға арналған тәттілер дайын.</p>	<p>жүргіземіз - жұмсақ.  -Қалай ойлайсыңдар, құсқа неге мұндай қауырсын керек?  Мамық қауырсын құсты жылы ұстауға қызмет етеді. Денесінде, басында, қанаттарында, табанында орналасқан  <b>Дид ойын:</b> «Қай қауырсын жеңіл» Алақанға салып, қауырсынды үрлеу.  Балалар үрлейді - қайсысы алысырақ ұшады - мамық па, қауырсынба ?  <b>Қортынды: Мамық үлгідеп тез ұшады.</b>  <b>Ой қозғау.</b>  Суда жүзетін құстардың қауырсындары неге суланбайды деп ойлайсыңдар?  Өйткені, олардың арнайы май безі бар және құстардың өздері тұмсығымен қауырсындарды</p>		<p>Тексерейік? Мен жұмыртқаны табаққа айналдырамын, ал сендер оның піскен, піспегенін екенін айтасыңдар.  <b>Тәрбиеші:</b> тәрелкедегі жұмыртқаларды бір-бірден бұрады. Балалар өз болжамдарын айтады.  <b>Тәрбиеші.</b> Дұрыс істегенімізді тексерейік. пісірілген жұмыртқаны алып, оны тазарту. Тазалау кезінде жұмыртқаның қабығы қалай ашылады . Ашу оңай болса қандай болады? (нәзік).  <b>Қортынды.</b> Қайнатылған жұмыртқаның құрамы қандай? Қатты. Жұмыртқаның</p>	<p>істеп жатыр?  (Қаздар: гұқ-гұқ деп айқайлайды; олар: «ш-ш-ш» деп ысқырады.) Қалай ойлайсыңдар , қаз қай кезде ысқырады? (Ол ашуланғанда, қауіп төнген жағдайда өзіне немесе балапандарына қауіп төндіргенде.)</p>  <p>- <b>Қаз тағы қалай қорғана алады?</b> Қаз аяқтарын қысып, қылмыскерді қанаттарымен ұрып-соғуы мүмкін. Басқа құстар, мысалы, әтеш немесе үйрек өзін қалай қорғайды? Әтеш айбат шегеді, үйрек шымшып алады.</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>Біз құстарға тәттілерді беру үшін серуенге шығамыз. Олар біздің тәттілерден дәм татып, ұшып, басқа құстарға балабақшада қандай мейірімді балалар өсіп жатқанын айтып береді.</p> <p><b>Қортынды Балаларды мадақтау.</b>  <b>Ұ.О: «Тенге алу»«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</b></p>	<p>майлайды.</p> <p><b>Эксперимент жасау.</b>  <b>Тәжірибе № 5</b>  -Сенде шыбын қауырсыны бар, үстіне су құй. Құстардың қауырсындарына осылайша су ағызады. Сондықтан қауырсындар суланбайды!  <b>Біз бүгін зертханада не білдік?</b>  - Құс қауырсындарының қалай орналасатыны және олардың мақсаты туралы білдік. Біздің зертханада қауырсындарды зерттей отырып, біз қорытынды жасай аламыз - құстарға қауырсын не үшін қажет? Құстың ұшып кетуіне, ауада қалуына, ылғалдан қорғауға, жылытуға көмектеседі.  - Құстар күнде</p>		<p>ішінде не бар?  Белок, ортасында не бар? сарусы  Сарысы қандай? (дөңгелек, тұтас, сары).  Тәрбиеші. Балалар, сендер нағыз ғалымдар сияқты көптеген эксперименттер жасадыңдар.</p>	<p><b>«Қаз ашулы» психогимнастика</b>  Қаз қалай қозғалады? (Қаз жүреді, жүгіреді, жүзеді.) Демек, қаз ... суда жүзетін құс. Қаздардың қандай пайдасы бар? Қаздар өте қоректік ет, жұмыртқа, май, мамық және қауырсын береді.  <b>Шығармашылық бұрыш</b>  Өз еркімен жұмыс.  <b>4. Рефлексия</b>  -Бүгін не туралы әңгімелестік?  - Ең көп есінде не қалды?</p> <p><b>Ұ.О: «Тенге алу»«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы)</b></p>
--	--	---	--	--	---

қауырсындарына күтім жасайды, қауырсындарын мұқият тазартады, кірден тазартады.

**Шығармашылық орталық Балаларды топқа бөлу.**

**1-топ:** Дәстүрден тыс әдістер арқылы трафаретпен құс бейнесін салып, губкамен бояу.

**2-топ:** Құстарға жемсауыт құрастыру

**3- топ:** Құстарды жемсауытқа жапсыру.

**4-топ:** Құстарға ермексаздан жем жасап, жемсауытқа салу.

**Қорытынды:** Біз бүгін қауырсындарға көп тәжірибе жасадық. Құстар туралы көп мағлұмат алдық. Біз серуенде құс қоректендіргішінде кездесіп, бізбен бірге

		қыстап қалатын құстардың нені көбірек жегенді жақсы көретінін білеміз.			
Серуенге дайындық	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<b>Серуен № 10</b> <b>Мұзды бақылау.</b> <i>«Өрт қауіпсіздігі»</i> <i>«От – дос, от – жау»</i> <b>Мақсат.</b> Отпен ұқыпты ұстаса пайда, абайсызда зиян келтіретіні туралы білімдерін бекіту; өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін тереңдету.	<b>Серуен № 11</b> <b>Боранды бақылау.</b> <b>«Қауіпсіздік ережесі»</b> <i>«Егер бейтаныс адам есікті қақса»</i> <i>Ойын жаттығулары</i> <b>Мақсаты:</b> <i>Балаларды үйде жалғыз болған кезде есікті ашуға үйретіңіз, тек олармен бір пәтерде тұратын адамдарға ғана.</i>	<b>Серуен №12</b> Бұлтты бақылау.	<b>Серуен № 5</b> <b>Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.</b>	<b>Серуен № 9</b> <b>Шыршаны бақылау.</b> <i>«Жол ережесі»</i> <i>«Дұрыс белгіні табыңыз»</i> <b>Мақсаты:</b> Жол белгілері, жол қозғалысын бақылау құралдары туралы білімдерін бекітуді жалғастыру.
<b>Қысқы серуен картотекасынан</b>					
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
